

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 15 ақпандағы № 29-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актіні қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

1 5

а қ п а н д а ғ ы

№

2 9 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан

Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
	«Қазақстан Республикасындағы ұйымдарды, темір жол станцияларын, әуежайларды, сондай-ақ физикалық-географиялық объектілерді атау мен қайта	Қазақстан Республикасы		

1.	атаудың және олардың атауларының транскрипциясын өзгертудің Тәртібін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
2.	Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау және өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін есепке алу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
3.	«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
4.	«Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясы туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі № 368 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
5.	Облыстық ономастика комиссиялары және республикалық маңызы бар қаланың, астананың ономастика комиссиялары туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
6.	«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы № 1130 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МАМ	2013 жылғы наурыз
7.	Деректемелер мен көрнекі ақпаратты орналастыру бөлігінде Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын сақтауына жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекелдер дәрежесін бағалау өлшемдерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	МАМ, ӨДМ	2013 жылғы наурыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ӨДМ - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі